ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ АТЫНАН
ШЕШІМ

19 маусым 2025 жыл іс № 3971-25-00-2/1774 Қостанай қаласы

Қостанай облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты төрағалық етуші судья А.Н. Бекеновтың, қысқартылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен азаматтық ісін қарап,

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Ы. Алтынсарин атындағы Арқалық педагогикалық институты» коммерциялық емес акционерлік қоғамы

ЖАУАПКЕР:
Усембаев Нуриден Нуркумович жеке кәсіпкер

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы

ҚАРАР БӨЛІГІ:

Сот ҚР АПК-нің 223-226 баптарын басшылыққа алып, **ШЕШТІ:** «Ы. Алтынсарин атындағы Арқалық педагогикалық институты» коммерциялық емес акционерлік қоғамының Усембаев Нуриден Нуркумович жеке кәсіпкернің мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану туралы – қанағаттандырылсын.

Усембаев Нуриден Нуркумович жеке кәсіпкері (ЖК TENDERGO) мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

Усембаев Нуриден Нуркумович жеке кәсіпкерінен мемлекет пайдасына 1 966 (бір мың тоғыз жүз алпыс алты) теңге мемлекеттік баж алымы өндірілсін.

Осы шешімнің көшірмесін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде күшін жою туралы шешімге қарсы арыз берілуі мүмкін. Арыз, егер жауапкер талап арызды алғаны және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралғаны туралы тиісінше хабардар етілмесе және жауап бере алмаса, сондай-ақ шешімнің мазмұнына әсер етуі мүмкін дәлелдемелер болса беріледі.

Қаулыға апелляциялық шағым Қостанай облыстық сотына, прокурордың апелляциялық шағымы осы шешімнің күшін жою туралы арыз

Құжатқа қол қойылған: Бекенов А. Н., 19.06.2025
Заңды күшіне енген күні: 29.07.2025, судья Бекенов А. Н., 29.07.2025
3971-25-3-1/1970

беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілсе, сот шешім қабылдағаннан кейін бір ай ішінде шағымдануы мүмкін.

Төрағалық етуші
Судья **А.Н. Бекенов**

Құжатқа қол қойылған: Бекенов А. Н., 19.06.2025

Заңды күшіне енген күні: 29.07.2025, судья Бекенов А. Н., 29.07.2025